

ӘОЖ 005.342

Р.Д. Досжан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: rdd2011@mail.ru

Тәуекел жағдайындағы кәсіпкерлік қызмет, оның мәні мен ерекшеліктері

Кәсіпкер бұл өзінің экономикалық қызметін атқару барысында, қоғам мен экономиканы дамытуға өз үлесін қосатын, пайда табу мақсатында әртүрлі тәуекелдерге ұшырап, құлдырап, шығынға ұшырайтын немесе дамудың құралдары мен тетіктерін меңгере отырып, жаңашылдыққа, сол арқылы дамуға, табысының көлемін одан әрі ұлғайтуға ұмтылатын қоғамдық тұлға.

Көп жағдайда бизнес пен кәсіпкерлікті бір мағынада қолданылатынын байқауға болады. Пайда табатын нысаны бар азаматты «кәсіпкер» деп бірде атасақ, келесіде «бизнесмен» деп атау әдеттегі құбылыс. Бұл терминдердің арасында ұқсастық болғанымен, айырмашылығы бірінің екіншісінен әжептәуір ерекшелікке ие екедігінің дәлелдемесі.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келсек, кәсіпкерліктің бизнестен, «кәсіпкер» мен «бизнесмен» терминдарының айырмашылығын келесідей анықтауға болады. Кәсіпкер – бұл ерекше ұйымдастырушылық және басқару қасиетіне ие, кәсібінің мәнін жаңашылдыққа тоғытқан, ойлау және іс жүргізудің өзгеше қырынан қарайтын, өндірген өнімі мен көрсеткен қызметі үшін жауапкершілікті аса маңызды деп санайтын, пайда көру мақсатында аса жоғары тәуекелдерге бармайтын тұлға.

Түйін сөздер: кәсіпкер, бизнесмен, шағын және орта кәсіпорындар, кәсіпкерлік тәуекелдер.

R.D. Doszhan

The concept of entrepreneurship in a risky situation, its essence and peculiarities

Entrepreneur is a public person who in the course of his/her economic activity contributes to the development of society and is willing to risks, failure and losses in order to get profit or pursues innovation, development, and further increase in profits by mastering the tools and ways of development.

In many cases, the terms «business» and «entrepreneurship» are used in the same meaning. To call a person who has a profitable business as «entrepreneur» in one case and to call him as «businessman» in another case is correct too. Although these terms have some similarities it is reasonable to presume that they have significant differences.

On the basis of the aforesaid, it is possible to determine the difference between the terms «entrepreneurship» and «business» or «entrepreneur» and «businessman» as follows: Entrepreneur is a person who has special organizational and management qualities, pursues to innovate his/her activity, understands particularly the process of thinking and record keeping, approaches the manufacture of products and the provision of services with the sole responsibility and is not about to take any chances and risks to get profit.

Key words: entrepreneur, businessman, small and medium enterprises, business risks.

Р.Д. Досжан

Предпринимательская деятельность в условиях рискованной ситуации, ее сущность и особенности

Предприниматель является общественным лицом, которое в ходе выполнения экономической деятельности вносит свой вклад в развитие общества и экономики и, преследуя цель получения

прибыли, подвергается рискам, терпит крах и убытки или, осваивая средства и рычаги развития, стермится к новшествам, развитию и еще большему увеличению объема своих доходов.

Можно заметить, что термины «бизнес» и «предпринимательство» часто используются в одинаковом значении. Называя гражданина, имеющего своё дело, которое приносит доход, «предпринимателем» в одном случае, также будет справедливым называть его и «бизнесменом» и в другом случае. Несмотря на то, что есть некоторое сходство между этими терминами, имеются основания полагать, что эти два термина имеют значительные отличия, которые определяются следующим образом. Предприниматель – это лицо, которое обладает особыми организационными и управленческими качествами, стермится к новаторству в своей деятельности, смотрит на процесс мышления и делопроизводства под особым углом, с исключительной ответственностью подходит к производству своей продукции и оказанию услуг и не идет на слишком большие риски с целью получения прибыли.

Ключевые слова: предприниматель, бизнесмен, малые и средние предприятия, предпринимательские риски.

Қазақстан Республикасының Президенті Халқына Жолдауында шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы рөлінің аса маңыздылығын баса айтып, еліміздің 30 дамыған елдер қатарына ену мақсатын алға ұстаған болатын. Елімізде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің үштен бірінің қызметінің тоқырауға ұшырап, кәсіпорынның жойылуына алып келуі алаңдатарлық мәселе екенін елбасымыздан бастап, мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпкерлік өкілдері осы жағдайдың аса маңыздылығын анықтап отыр. Дамыған елдер қатарына енудің ең басты алғышарттарының бірі, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, оның даму жолындағы кедергілермен күресу қазіргі жағдайда басты мәселелердің бірі екені рас. Осыған орай, қазіргі таңда елімізде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне ортақ кәсіпкерлік тәуекелдерін басқарудың құрылымданған жүйесінің болмауы тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Алайда, отандық ғалымдардың кәсіпорындарда тәуекелдерді басқару аясындағы ғылыми еңбектер мен зерттемелер жоқтың қасы. Осы «кәсіпкер» түсінігін талдап, тұжырымдаған классик экономисттердің көзқарасына шолу жасап өтейік.

«Кәсіпкер» түсінігін экономикаға Кантильон (1680-1734 жж.) енгізген. Оның айтуынша кәсіпкер кез келген түрлі табыс көздері бар адам бола алады (яғни, кез келген маман): шаруа, қолөнерші, сатушы және т.б. Егер ол адам тауарларды бір бағада сатып алып, оларды жоғары бағамен сатса ол кәсіпкер болып танылады. Кантильонның түсінігі бойынша кәсіпкердің ерешкелігі өндірістік-шаруашылық қызметте жаңа мүмкіндіктер мен құралдарды іздеуінде, ал оның негізгі экономикалық міндеті – түрлі тауарлар мен қызметтерге сұраныс пен ұсынысты жасау [1]. Одан кейін француз ғалымы Ж. Сэй

(1767-1832 жж.) кәсіпкер деп, өз өнімін өз есебінен және тәуекелді мойнына ала отырып өндіретін тұлғаны атаған [2]. Сөйтіп, кәсіпкер өндіріс пен бөлу үдерістерін үйлестіруші және тәуекелді қабылдаушы тұлға ретінде сипатталған. Сондай ақ, Сэйдың пікірінше, кәсіпкердің міндетіне келесілер жатады: өндіріс факторларының біріктіру (капитал мен еңбек), ақпарат жинау мен қажетті тәжірибе жинақтау, өндірістік үдеріс барысында шешім қабылдау.

Й. Шумпетер (1883-1950 жж.) «кәсіпкерлік қызмет кез келген дамудың негізінде жатыр. Экономиканың тепе-теңдік қалпынан ауытқуы кәсіпкерлік қызметтің нәтижесінде жүзеге асады. Кәсіпкерлік қызметтің мәні, тұтынушыға белгісіз, жаңа игіліктерді жасау, игіліктерді өндірудің жаңаша тәсілдерін (технологияларын) табу және бар игіліктерді коммерциялық мақсатта қолдану, өнімді өткізу үшін жаңа нарықтарға шығу, жаңа шикізат көздерін қолдану, сала құрылымының өзгеруінде, – деген тұжырымдамасын жасаған [3].

Ф. Хайек кәсіпкерлікті – жаңа экономикалық мүмкіншіліктерді іздеу мен зерттеу деп қарастырған, кәсіпкерлік – бұл әлдебір кәсіп түрі емес, мінез-құлық түрі екенін айтып өткен. Ф. Хайектің пікірінше, мінез-құлық ізденімпаз кез келген адамның кәсіпкер болуы әбден ықтимал. Сондай-ақ, ол адамға өзінің экономикалық әлеуетін дұрыс қолдануда, тиімді пайдалануда жеке басының бостандығы мен тәуелсіздігі аса маңызды болып табылатынын атап өтеді [4].

Ал, саяси экономиканың негізін қалаушы А. Смит, қоғамның экономикалық дамуы «көрінбейтін қолдың» авторының тұжырымдамасында кәсіпкер – бұл тәуекелдер шарттарында әрекет ететін адам. Ол тек өзінің жеке қызығушылығын көздейтін, жеке басының пайдасын ойлайтын адам. Алайда, ол көзге көрінбейтін қол ретінде

өзінің ойында жоқ мақсаттарға жол тартады. Кәсіпкер өз мақсаттарын көздей отырып, табысқа жетуі арқылы қоғамды да дамыта түседі екен. Сондай-ақ, Смит кәсіпорынның қызметі барысында тәуекелдің алатын орны ерекше, ажырамас бөлігі екендігін атап өткен [5].

А.Н. Асаул өз еңбегінде кәсіпкерлікке тән нышандарды келесідей көрсетеді:

- жүйелі түрде пайда табуға бағытталғандығы;
- кәсіпкерлік тәуекелдің, шығын ұшырау және банкроттық жағдайларының болуы;
- түгелдей мүліктік жауапкершілікті мойнына алу [6].


К.Р. Макконелл және С.Л. Брю «Экономикс» атты еңбегінде – кәсіпкерлік белсенділіктің басты субъектісінің – кәсіпкердің келесідей сипатын атап көрсетеді:

- өндіріс мақсатында қорларды біріктіру ниетін білдіру;
- фирманы басқару бойынша негізгі бірегей шешімдерді қабылдау;
- жаңа өнімді инновациялық жолмен өндіру немесе өндірістік процесті түбегейлі өзгерту мен жақсарту;
- жоғарыда атап өтілген барлық факторлармен байланысты экономикалық тәуекелге байланысты жауапкершілікті мойнына алу.

Кәсіпкерлік процестің (тәуекелге баруға құштарлық) қозғалтқыш күші К.Р. Макконелл және С.Л. Брю пікірінше, ең алдымен ол кәсіпкердің жеке мүддесі болып табылады: «...кез келген

экономикалық бірлік тек оған тиімді болатын әрекетті жүзеге асырады. Кәсіпкерлердің өздерінің алдарына фирмаларының табысын барынша көбейтуіне немесе өз шығындарын барынша азайтуына тырысуы осы себептен». Қысқаша айтқанда, капитализмнің болжамы – жеке мүдде әртүрлі экономикалық бірліктерге, жеке таңдау жасауы барысында, олардың іргелі әрекет ету бейнесін қалыптастырады [7].

Заманауи заңнаманың ізіне жүгінсек, ҚР Азаматтық кодексінің 10-бабына сәйкес, кәсіпкерлік – меншік түрлеріне қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың, тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы таза табыс табуға бағытталған, жекеменшік құқығына (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады [8]. Яғни, жоғарыдағы пікірлерге сүйенсек, кәсіпкер бұл өзінің экономикалық қызметін атқару барысында, қоғам мен экономиканы дамытуға өз үлесін қосатын, пайда табу мақсатында әртүрлі тәуекелдерге ұшырап, құлдырап, шығынға ұшырайтын немесе дамудың құралдары мен тетіктерін меңгере отырып, жаңашылдыққа, сол арқылы дамуға, табысының көлемін одан әрі ұлғайтуға ұмтылатын қоғамдық тұлға.



1-сурет – Кәсіпкерлік тәуекелдерінің туындау көздері

Тәуекелдің, кәсіпкерлік қызметтің ең маңызды түсінігі ретінде алатын орны ерекше. Себебі, кәсіпкерлік қызмет дамудың әр кезеңінде тұрлаусыздықпен ұшырасады. Кәсіпкерлік қызметтің күнделікті жағдайы, шаруашылық жүргізуші субъектілерінің нарық жағдайындағы әрбір әрекеті, кәсіпкермен қабылданған шешімдердің басым бөлігі тәуекелдердің пайда болуына ықпал жасайды.

Кәсіпкерліктің қызмет етуі барысында тәуекелдің туындауы нарықтық экономикасына тән дүние, оны нарық экономикасының кемшін тұсы деуге болмайды. Ал, керісінше, нарықтық шарттарда тәуекелдің болмауы, кәсіпкерлік қызметке кері әсерін тигізеді, себебі оның ұмтылысын бұзады, кәсіпкерлік қызмет өзінің түбегейлі мағынасын жояды.

Экономикалық теорияда тәуекел нарықтық субъектінің белгілі бір өндірістік және қаржылық әрекеттерді іске асыру нәтижесінде табысының бір бөлігін жоғалтуы қаупі ретінде түсіндіреді.

Сонымен қатар, тәуекел кез келген нарықтық субъект қызметінің сипатын бейнелейді. Ол нарықтық субъектінің ішкі және сыртқы ортасының тұрлаусыздығынан туындайды. Кәсіпорынның шаруашылық қызметі барсында тәуекелдерді туындататын жағымсыз нәтижелер орын алуы мүмкін. Нарық экономикасының аясында тәуекелсіз қызмет атқаратын, тәуекел шарттарында жұмыс істемейтін шаруашылық субъектісі жоқ.

Кәсіпкерлік тәуекелдердің осылай кең мағынадаға түсінігімен қоса тар мағынада түсіну де маңызды. Бұл көзқарас, кәсіпкерлік тәуекел түсінігін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында немесе нәтижесінде шығынға ұшырау қаупі ретінде түсіндіріледі. Кәсіпкерлік тәуекелдердің туындау көздерін келесідей суреттеуге болады.

Сыртқы ортамен байланысты жағдайлар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында орын алып, валюта бағамының өзгеруі, жалпы нарықтағы бағалардың өзгеруі, әсіресе шикізаттың бағаларының көтерілуі тәуекелдерді туындатуы мүмкін.

Сондай-ақ, кәсіпкерлікке қатысты салық заңнамасының өзгеруі де кейбір тәуекелдерді туындатып, ал кейбірін жою мүмкіндігі бар. Бұл тек салықтық заңнамаға қатысты емес, кедендік болсын, азаматтық-құқықтық, тіпті қылмыстық заңнамадағы өзгерістерге де кәсіпкерлік тәуекелдер сезімтал болып келеді.

Кәсіпкерлік қызметтің ішкі ортасымен байланысты қарым қатынастар, жағдайлар, немесе

келеңсіздіктер көбіне ағымдағы операцияларды жүзеге асыру барысында пайда болады да, олар өз кезегінде кәсіпкерлік тәуекелдерін туындатады.

Кәсіпорынның ішкі операциялары қаншалықты көп болса, соншалықты тәуекелдері де түрлі болып туындайды. Себебі, әрбір операцияның қалыпты жағдайдан ауытқуы немесе тұрлаусыз жағдайға ұшырауы тәуекелді туғызып, оны басқарудың қажеттігін талап етеді. Ол тәуекел сәтті басқарылмаған жағдайда, кәсіпорынның қызметі сын сағатын бастан кешірмек. Тіпті, шағын кәсіпорындарда еңбек капиталының әрбірінің алатын орнының ерекшелігі сондай, жауапты тұлға жұмысқа шықпай қалған жағдайда кәсіпорынның қызметіне едәуір нұқсан келуіне әкеліп соғуы мүмкін.

Кәсіпкердің контрагенттермен қарым-қатынасына байланысты өзгерістер мен жағдайлар. Қандай шағын, орта немесе ірі кәсіпорын болсын, оның қызметі барысында контрагенттермен жұмыс жасау шарттары туындайтын кездер болады. Сондай шарттар орын алуы барысында шешімдерді тек кәсіпкер ғана емес, басқа тұлғалардың немесе өзге шаруашылық жүргізуші субъектілерінің де қабылдауы мүмкін. Контрагенттердің кәсіпкермен жасасқан келісімшарт мерзімін қысқарту немесе ұзартуы, серіктестердің көзқарастарында келіспеушіліктердің туындауы тәуекелдерді пайда болдырады.

Жаңашылдықпен немесе инновациямен байланысты туындайтын өзгерістер. «Инновациялық технология», «жаңа өнім», «инновациялық қызмет түрі», «инновациялық үдеріс» т.б. жаңашылдықпен байланысты терминдер күнделікті өмірде құлаққа жиі естілетін таныс түсініктерге айналды. Кәсіпорынның қызметінде осы түсініктердің орын алуымен байланысты тәуекелдер де туындайды.

Тәуекелді басқару кәсіпорынның үдерістерінен тыс орындалатын қызмет емес. Ол кәсіпорынның барлық ұйымдастырушылық үдерісін, күнделікті іс-әрекетінен бастап, стратегиялық жоспарлауды қамтитын, сол жоспарлар мен мақсаттардың орын алуында маңызды рөлге ие. Сол себепті тәуекелді басқаруды кәсіпорынның басқару үдерістерінің бір бөлігі ретінде қарастыруға болады.

Тәуекелдерді басқаруды кәсіпорынның көлеміне қарамастан жүйелендіріп, оның механизмдерінің уақытылы және кезең кезеңімен құрылымдануын қамтамасыз ету кәсіпорынның қызметін және тәуекелдерді басқару үдерісінің тиімді жұмыс істеуіне алып келуі тәуекелді

басқарудың жүйеленген, құрылымданған болып келетінін дәлелдейді.

Кәсіпорын ішіндегі тұлғалардың өзара қарым-қатынасы, олардың қызметіне деген көзқарасы кәсіпорынның ортақ мақсаттарына жетуге немесе қол жеткізе алмауға себеп болатын бірден бір фактор. Ол тәуекелді басқаруда кәсіпорындағы ұйымдық мәдениет үлкен рөл атқаратындығын көрсетеді.

Тәуекелді басқарудың кәсіпорынның бастан өткен, ағымдағы және орын алуы ықтимал ақпараттарға негізделуін тәуекелді басқару жүйесінің ерекшелігіне жатқызуға болады. Тәуекелді басқару кезінде кәсіпорынға тұрлаусыздықпен ұшырасуға тура келеді. Тұрлаусыздықтың табиғатын барлап, оған баға беріп, оларды қандай тәсілдермен басқарудың мүмкіндігін қарастырады. Сондықтан, тұрлаусыздық жағдайының ықтималдығы тәуекелді басқарудың тағы бір ерекшелігін растайды.

Кәсіпорынның құрылымына қарай, оның сыртқы және ішкі факторларының әсеріне қарай тәуекелдерінің түрі де оны басқару да дәл қайталанбайды, бірегей болады. Сол себепті, тәуекелді басқарудың моделі әр кәсіпорында өзінше ерекшелікке ие.

Тәуекелді тиімді басқару тәуекелдерді басқарудың жаңа жолдарын іздестіріп, жетілдіріп отыруды қажет ететін үдеріс. Тәуекелді басқару жүйесінің ерекшеліктеріне қарай тәуекелді басқарудың жүйесі деп кәсіпорынның қызмет ету барысындағы және болашақтағы ықтимал бүкіл ақпараттарды саралап, жүйелеудің нәтижесіне негізделіп жасалған, тәуекелдерді анықтау, бағалау және бақылауды қамтитын, құрылымданған, үнемі үздіксіз жетілдіруді жүзеге асыра отырып, басқару мен кәсіпорын мәдениетінің үйлесімін қажет ететін үдерістерімен байланысты қатынастар жиынтығын айтамыз. Тәуекел жағдайындағы кәсіпкерлік қызметтің мәні мен ерекшеліктерін түсіну үшін кәсіпкерлер арасында сауалнама жүргізіліп, оның нәтижесін регрессивті талдау келесі үш теңдеу түзілді.

Шағын бизнестегі тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына әсер ететін әртүрлі факторларды максималды шынайылық әдісімен анықтау арқылы ықтималдылық теңдеуін бағалаймыз:

$$Pr(PMS=1)=F(X'\beta), (1)$$

мұндағы RMS – кәсіпорында тәуекелді басқару жүйесі бар болған жағдайда 1 мәнін, кері жағ-

дайда – 0 мәнін қабылдайтын жоғарыда келтірілген айнымалылардың бірі; X' – болжам бойынша, тәуекел – менеджмент жүйесінің болуына әсер ететін факторлар векторы (жинағы); β – бағаланатын коэффициенттер векторы (жинағы) (теңдеудің оң жағындағы әрбір айнымалы үшін өз коэффициенті бағаланады).

Бизнес үшін тәуекелдің әрбір түрінің маңыздылығына тәуекелді басқару жүйесінің қалай әсер ететіндігін анықтау үшін, әрбірі – тәуекел үшін біз кіші квадраттар әдісі көмегімен көптік регрессияның сызықтық теңдеуін бағалаймыз. Теңдеудің түрі мынадай:

$$Risk_j^i = a_0^i + a_1^i * RMS_j + \sum_{k=1}^n a_{k+1}^i * C_j^k + \varepsilon_j^i, (2)$$

мұндағы j – бақылау индексі (номер) (кәсіпорынның); i – тәуекел түрінің индексі (номер); $Risk_i$ – i - түрлі тәуекелдің маңыздылық деңгейі; RMS – кәсіпорында тәуекелді басқару жүйесі бар болған жағдайда 1 мәнін, кері жағдайда – 0 мәнін қабылдайтын жоғарыда келтірілген айнымалылардың бірі; C_k – k бақылау айнымалыларынан алынған вектор (жинақ) (олар тәуекелдің маңыздылық деңгейіне RMS әсерін күшейтіп немесе әлсіз ете алады); a_i – i түрлі тәуекел үшін бағаланатын коэффициенттер векторы (жинақ); ε – кездейсоқ қателік.

Тәуекел менеджменті жүйесі бар кәсіпорындар мен ондай жүйесі жоқ кәсіпорындар арасындағы тәуекелге қатысты мінез-құлық немесе бизнесті дамыту стратегиясы қаншалықты ерекшеленетінін түсіну үшін келесі түрдегі пробит-теңдеуді қарастырамыз:

$$Pr(Char_m=1)=F(RMS*\gamma_m), (3)$$

мұндағы m – кәсіпорынның мінез-құлқын немесе саясатын сипаттауға арналған индекс (номер); $Char_m$ – бинарлы айнымалы, m сипаттамасы дұрыс болса, 1 мәніне ие болады, ал керісінше жағдайда – 0-ге тең болады; RMS – бұрынғырақ біз енгізген айнымалылардың бірі, егер кәсіпорында тәуекелді басқаратын жүйе болса, 1 мәніне ие болады, 0 – керісінше жағдайда; γ_m – бағаланатын коэффициент [9].

Бәсекелестік күрес шарттары өнімдер мен қызметтерге заманның жаңа талабына сай жетілдіруді қажет етеді, ол кәсіпорынның тәуекелдерін басқара білу қабылетімен бағаланады. «Кәсіпкер» түсінігі өз алдына сан ғасырлардан келе жатқан, әртүрлі экономист ғалымдардың көзқарасын тізбектеген, елдің экономикасында ерекше орны бар ұғым екенін айғақтады. Кәсіп-

керлік қызмет жоғарыда аталған тұжырымдарға сәйкес, тәуекелдермен қатарлас жүреді немесе тәуекел ұғымы кәсіпкерліктің ажырамас бөлігі,

оның ерекше сипаты. «Кәсіпкерлік тәуекелдер» аясындағы ғылыми зерттемелердің аздығы еліміздегі ғалымдарға жаңа белестерді ашады.

Әдебиеттер

- 1 Cantillon Richard. Essay on the Nature of Commerce.- Edited by Mark Thornton. page55. https://www.google.ru/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=1&ved=0CBwQFjAA&url=https%3A%2F%2Fmises.org%2Fjournals%2Fscholar%2Fessay_commerce_cantillon.pdf&ei=J2cFVNinM6vnygOR54DYAw&usg=AFQjCNGu6AU9iBcCDIkLsyETTopw7EkdVQ&sig2=2A30um24txwboljX_seS7w&bvm=bv.74115972,d.bGE&cad=rjt
- 2 Сэй Ж. Трактат политической экономии: пер. с англ. – М.: Прогресс, 1985. – 17 с.
- 3 Шумпетер И. Теория экономического развития. Исследование предпринимательской прибыли, капитала, кредита, процента и цикла конъюнктуры. – М.: Прогресс, 1983., 159б
- 4 Хайек Ф. Дорога к рабству. – М.: Эконом, 1992. – 43 с.
- 5 Адам Смит Исследования о природе и причинах богатства народов // – М.: ЭКОНОМИКА, 2000. – С. 215. – 217с.
- 6 А.Н. Асаул. Организация предпринимательской деятельности. – 3-е изд. – СПб.: «АНО ИПЭВ», 2009. – 16 с.
- 7 Макконел, Брю Экономика. – М.: Изд-во: Инфра-М, 2002. – С. 586. – 656 с.
- 8 ҚР азаматтық кодексі. Жалпы бөлім. 10-бап, сайтқа сілтеме http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_
- 9 Greene W.H. (2002) Econometric Analysis. New York University. Pearson Education, Inc. Pp.7–40.

References

- 1 Cantillon Richard. Essay on the Nature of Commerce.- Edited by Mark Thornton. Page 55. https://www.google.ru/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=1&ved=0CBwQFjAA&url=https%3A%2F%2Fmises.org%2Fjournals%2Fscholar%2Fessay_commerce_cantillon.pdf&ei=J2cFVNinM6vnygOR54DYAw&usg=AFQjCNGu6AU9iBcCDIkLsyETTopw7EkdVQ&sig2=2A30um24txwboljX_seS7w&bvm=bv.74115972,d.bGE&cad=rjt
- 2 Say Zh. Tractat politicheskoi ekonomii: Per. s angl – М.: Progress, 1985. – 17 s.
- 3 Schumpeter, Teoriya ekonomicheskogo razvitiya. Issledovanie predprinimatelskoi pribili, kapitala, kredita, protsenta i tsikla koniunktury. – М.: Progress, 1983. – 159 s.
- 4 F. Hayek. Doroga k rabstvu. – М.: Econom, 1992. – 43 s.
- 5 Adam Smith, Issledovanie o prirode i prichinakh bogatstva narodov. – М.: EKONOMIKA, 2000. – S. 215. – 217 s.
- 6 Asaul A. N. Organizatsiya predprinimatelskoi deyatelnosti. – 3-e izd. – SPb.: «ANO IPEV», 2009. – 16 s.
- 7 McConnell, Brue Economics – Infra. – М., 2002 – S. 586. – 656 s.
- 8 QR azamattyk kodeksi. Zhalpy bolim. 10 bap, saitka silteme http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_
- 9 Greene W.H. (2002) Econometric Analysis. New York University. Pearson Education, Inc. Pp.7–40.